

ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ҚҮРМЕТТІ «АРАІ 2017» ЖШС ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕТІН ҮЙЛЕРДІҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап «АРАІ2017» ЖШС-нің 2021 жылғы 26 желтоқсандағы үй жетекшілерімен өткізілген жиналыстың негізінде түзілген №2 хаттамасы бойынша қызмет көрсету тарифі «АРАІ2017» ЖШС шаршы метрі 40 теңгеден 55 теңгеге дейін өсетінін ескертеді.

Үйді ұстауға жұмсалатын шығын материалдарының қымбаттауына байланысты және Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі қызметкерлердің жалақысын 2022 жылдың қаңтар айының 01 жұлдызынан бастап көтеру туралы Жолдауын іске асыру мақсатында шешім қабылданды.

«АРАІ2017» ЖШС әкімшілігі

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

УВАЖАЕМЫЕ ЖИЛЬЦЫ ДОМОВ, ОБСЛУЖИВАЕМЫХ ТОО «АРАІ2017»!

Сообщаем Вам о том, что с 01 января 2022 года, на основании протокола собрания ТОО «АРАІ2017» за №2 от 26 декабря 2021 г. и протокола собрания старших домов, тариф на оказание услуг ТОО «АРАІ2017» повысится с 40 на 55 тенге за квадратный метр.

Решение принято в связи с подорожанием расходных материалов на содержание дома и во исполнение Послания Президента РК от 10 сентября 2021 г. о повышении с 01 января 2022 года заработной платы работникам.

Администрация ТОО «АРАІ2017»



В редакцию газеты «Приозерский вестник» с просьбой о выражении благодарности работникам ТОО «АРАІ2017», занимающимся обслуживанием жилого фонда города обратилась пенсионер Ахунова Кульсымкан Смагуловна.

В своем обращении Кульсымкан Смагуловна отмечает внимательность, отзывчивость и доброжелательность к жителям обслуживаемых домов руково-

БЛАГОДАРНОСТЬ ЖИТЕЛЕЙ

дителя ТОО «АРАІ2017» - Кипчакбаева Болат Алимхановича.

-Он всегда приходит к нам (пенсионерам) на помощь в трудных бытовых ситуациях. К каждому находит подход, добрые и уважительные слова. Работники его организации поддерживают чистоту и уют во дворах наших домов, стараются своевременно

выполнять заявки.

Стиль работы Кипчакбаева Б.А., как руководителя, достойный пример для других начальников. Пусть больше будет у нас таких хороших руководителей.

В благодарность, за доброе и внимательное отношение, я хочу поздравить Болат Алимхановича и весь его коллектив с наступающим Новым годом, и пожелать им крепкого здоровья, бесконечного счастья и успехов во всем!

Редакция газеты «Приозерский вестник»,
записано со слов К.С.Ахуновой

ЖАҢА ЖОБАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

Жақында ғана бүкіл ел болып атап өткен мерейтой – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуымен мемлекетіміз бен қоғам өмірінің, сондай-ақ білім мен ғылымның ұлттық моделінің қалыптасуына да отыз жыл толғандығы анық. Қазақстанның қалыптасу тарихы мен тәуелсіз мемлекет ретіндегі гүлденуі – ел азаматтарының ерен еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

Осы ретте, 2020-2021 оқу жылынан бастап, Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің №1 жалпы білім беретін мектебі) коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың табысқа жету, еліміздің даму жолындағы жетістігін бүгінгі ұрпақпен бөлісу, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатындағы «Өнегелі өмір» жобасы жүзеге асып келеді.

Басты мақсат - көк толқынды Балқаш көлінің жағасындағы өзіміз тұратын Приозерск қаласының дамуына зор үлес қосқан азаматтардың табысқа жету тарихына мән беру арқылы жерлестерімізді көпшілікке таныту, жетістік пен табысқа жеткен тұлғалардың іс-тәжірибесімен ой бөлісу, осы арқылы оқушыларды келешек өмірге дайындау, қоғамда, өмірде өз орындарын таба білуге баулу және оларға кәсіби бағдар беру болып табылады.

Жобаға Приозерск қаласында қызмет етіп жүрген зиялы қауым өкілдері, педагогикалық еңбек ардагерлері, Отан қорғаушылар, ақындар, жазушылар, дәрігерлер, танымал өнер қайраткерлері, кәсіпкерлер және тағы да басқалары шақырылады. «Өнегелі өмір» жобасына білім ошағының 7-11

сынып аралығындағы оқушылары қатыстырылады.

2020-2021 оқу жылының алғашқы қырауы соғылған күннен бастап, аталған «Өнегелі өмір» жобасын іске асыруға қаламызға танымал және өз ісінің мамандары атсалысты. Осы жоба аясында оқушылар-

идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Д.Д. Жұмабековпен кездесуі барысында ашылды. Бұл жоба өзінің жалғасын тауып, мектеп оқушылары «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Балқаш өңірлік филиалы, 389906 бөлімшесінің директоры Д.А.Абдукаликовпен, мектептің



мен кездесуге бірнеше еңбек адамдары шақырылған болса, олардың әрқайсысы мектеп оқушыларының алдында өздерінің іс-тәжірибелерімен ой бөлісті.

«Өнегелі өмір» жобасының алғашқы шымылдығы мектептегі білім алып жүрген «Жас зенбірекші» әскери-патриоттық клубы тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімі командирінің тәрбие және

«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы Т.А.Кенжебековпен, ауған соғысының ардагері Б.Т.Ақмұрзаевпен, «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК-ның бокс үйірмесінің бапкер-оқытушысы Б.К.Умбеткуловпен, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақыны Н.Қ.Қарабековпен, «Айналайын» бөбекжайының директоры, қалалық Маслихат депутаты А.Ж.Кульмағанбетовамен және Приозерск қалалық мешітінің имамы Д.С.Қожахме-

«Өнегелі өмір» жобасы – оқушылар назарында!

товпен кездесулер ұйымдастырылып өткізілді. Алайда, әлемдік коронавирустардың белең алуына байланысты, жобадағы кейбір алға қойған тапсырмалар заманауи ZOOM платформасы арқылы онлайн түріндегі кездесулерді ұйымдастыруға көшірілді. Кездесудің аталған бұл түріне мектептің ұлағатты ұстазы, ақын М.Х.Хизирова, Приозерск қалалық ауруханасының отбасылық кездесулер орталығы меңгерушісі Г.К. Мондыбаева және мектеп түлегі, PhD докторы, профессор, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті «Менеджмент және инновациялар» кафедрасының меңгерушісі Е.Д. Орынбасарова тартылды.

Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев: «Өз жақсылырымызды өзіміз ұлықтамасақ, өз жайсаңдарымызды өзіміз қызықтамасақ онда ол өз ырысымызды өзіміз тепкендік, өз тілеуімізді өзіміз кескендік те болар еді» - деген болатын. Ендеше, қаламыздың дамуына үлес қосқан, өз елі үшін аянбай еңбек етіп жүрген тұлғаның өмірі мен шығармашылығын таныстырудағы жүзеге асқан «Өнегелі өмір» жобасы арқылы мектептегі білім нәрімен сусындап жүрген оқушылардың бойында өз елі мен туып өскен қаласына деген құрмет сезімін тәрбиелеуге мүмкіндік берді деген сенімдеміз!

Фатима Амантаева,
Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Логопедтің кеңесі

Сәби дүниеге келгеннен кейін ата-ана оның бойындағы әрбір өзгерісті мұқият қадағалап, дәрігерлерден үнемі кеңес алып тұру керек. Егер қандай да бір қалыпты емес өзгеріс байқалса, толық тексерістен өткен жөн. Жергілікті денсаулық сақтау орындарында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысын шығарып, емделуге жолдама беретін мекемелер бар. Онда арнайы педагогтер мен медициналық мамандардан құралған кеңес қызмет көрсетеді. Олар комиссия құру арқылы ақылдаса отырып

БАЛАСЫНЫҢ БОЙЫНАН КЕМДІК НЕ АҚАУ БАЙҚАҒАН АТА-АНА НЕ ІСТЕУІ ҚАЖЕТ?

қорытынды жасайды да, бойында ақауы бар баланы тиісті оңалту орталығына емделуге жібереді.

Логопедтің кеңестері

Сәбиге бесік жырын айтыңыз, үлкейген соң, көп әңгімелесіңіз. Бесік жырларының басты ерекшелігі – онда жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаң, қатаң-ұяң-үнді дыбыстардың барлық түрі қамтылған. Сондай-ақ, баламен көп әңгімелесу арқылы да оны еркін сөйлеуге дағдыландыруға болады.

Баланың әрбір қимылын қадағалаңыз. Әрбір бала өз жасына сай жетіліп-дамуы қажет. Кекештеніп сөйлесе, ойын жеткізуде қиналса, сөйлегенде ауыз қуысының мүшелерін қалыпты жағдайда қимылдатпай, өзгеше әрекет жасаса, мұның бәрі баланы дәрігерге апаруға себеп болуы мүмкін.

Баланы ұрып-соғудан мүлдем аулақ болу керек. Бұл психикалық ауытқуларға әкеледі, мұндай балалардың әдетте тұйықталып, сөйлеу дағдысы бұзылатыны белгілі.

Балаларға сүйек немесе құрт мүжүгуді әдетке айналдыру керек. Бұл ретте сүйек мүжу не құрт жеу, тіске зиян келтірмейтін өзге де кепкен жеміс-жидектерді жеу, қатты тамақ өнімдерін шайнау өте пайдалы массаж түрі.

Г. Шиналиева,
Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мұғалім-логопеді

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107 Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 52/748. Тираж: 1000 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области. Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.